



«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
дербес білім беру ұйымы

**6-10**  
СЫНЫП

НЕГІЗГІ МЕКТЕП

---

# ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

---

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы –  
**NIS-Programme**

НҰСҚА 2.0




# **«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS–Programme білім беру бағдарламасы**

## **«Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасы**

*Негізгі мектеп  
(6-10 сынып)*

Нұсқа 2.0



Негізгі мектеп деңгейіндегі 6-10-сыныптарға арналған «Құқық негіздері» пәнінен оқу бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен 2023 жылдың «10» тамызында (№37 хаттама) бекітілді.

Оқу бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен 2023 жылғы 10 тамызында (№37 хаттама) бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme білім беру бағдарламасына (бұдан әрі – NIS-Programme) сәйкес әзірленді.

### **2023 жылы оқу бағдарламасына енгізілген өзгерістер**

Бұл оқу бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның NIS-Programme білім беру бағдарламасын негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыру тұрғысынан жетілдіру шеңберінде қайта қаралды және өзгертілді.

2.0-нұсқа – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Кембридждің халықаралық білім беру мәселелері жөніндегі бағалау кеңесімен (Cambridge Assessment International Education) бірлесіп әзірлеген алдыңғы нұсқаға негізделген оқу бағдарламасының жаңа нұсқасы.

## МАЗМҰНЫ

<b>1 ЖАЛПЫ АҚПАРАТ .....</b>	<b>4</b>
1.1 NIS-Programme білім беру бағдарламасындағы «Құқық негіздері» пәнін оқытудың маңыздылығы .....	4
1.2 «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаттары.....	5
1.3 «Құқық негіздері» пәні бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер .....	5
1.4 Қалыптасатын негізгі құзыреттіліктер .....	6
1.5 «Құқық негіздері» пәнінің басқа пәндермен интеграциясы .....	10
1.6 Пәнаралық тақырыптарды / концепттерді жүзеге асыру .....	11
1.7 Білім беру ортасына және «Құқық негіздері» пәнін оқу мен оқыту процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар .....	11
<b>2 БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ.....</b>	<b>12</b>
2.1 «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны, ұйымдастырылуы және бөлімдерінің реттілігі .....	12
2.2 Оқу мақсаттарының жүйесі .....	13
2.3 Ұзақ мерзімді жоспар	17
<i>9 сынып</i>	<i>17</i>
<b>3 ПЕДАГОГИКА (ОҚУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ)</b>	<b>52</b>
3.1 «Құқық негіздері» пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық тәсілдемелер	52
3.2 Оқушылардың зерттеу және жобалау әрекеттерін жүзеге асыру	54
3.3 Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту	55
3.4 Үштілде білім беру саясатын жүзеге асыру	55
3.5 Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	56
3.6 Мәдениет пен көзқарастардың алуандылығын құрметтеуді үйрету	56
3.7 Экология және тұрақты даму саласындағы сауаттылықты қалыптастыру	57
<b>4 БАҒАЛАУ</b>	<b>58</b>
4.1 Критериалды бағалау жүйесі	58
4.2 Қалыптастырушы бағалау	58
4.3 Жиынтық бағалау	59
4.3.1 Бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау	59
4.4 Критериалды бағалау бойынша нормативтік-құқықтық және әдістемелік-нұсқаулық құжаттар	60

## 1 ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

### 1.1 NIS-Programme білім беру бағдарламасындағы «Құқық негіздері» пәнін оқытудың маңыздылығы

«Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» екендігі Қазақстан Республикасы Конституциясында айрықша аталып көрсетілген. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының басты алғышарттарының бірі – азаматтардың құқықтық білімін жетілдіріп, құқықтық сауаттылық пен мәдениетін қалыптастыру. Құқықтық білім – адамның құқықтық санасы қалыптасуының негізгі шарты.

Әр азаматтың өз құқықтары мен міндеттерін білуі бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Оқушыларға «Құқық негіздері» пәнін оқытудың орны ерекше деп айтуға болады. Бұл пәнді оқытудың нәтижесінде құқықтық санасы қалыптасқан азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік туады. Сондай-ақ, оқушылар құқықтың жалпы ұғымдары мен түсініктері, құқықтың негізгі салалары туралы түсінік алады; құқықтық мемлекет, демократиялық қоғам және азаматтық қоғам ұғымы, белгілері және негізгі институттарымен танысады; жекелеген құқықтық жағдаяттармен жұмыс жасауға дағдыланады.

Оқушылар:

- Конституцияның құқықтық жүйедегі орны мен рөлін анықтайды;
- негізгі заң түсініктері мен ұғымдарын меңгереді;
- құқық салаларын ажырата алады;
- құқықтық нормаларға қатысты қазіргі кездегі түсіндірмелермен, тұжырымдамалармен танысады;
- меңгерген құқықтық білімдерін өмірде қолдану жолдарын анықтайды;
- өз іс-әрекеттерінің қоғамдық салдарын сезіне біледі, заңды іс-әрекет ету мен әлеуметтік жауапкершілігін түсінеді.

Қазіргі қоғамның басты талабы – мемлекеттік және халықаралық деңгейге сай бәсекеге қабілетті, жан-жақты, адамгершілік нормаларды меңгерген, отансүйгіш ұрпақты тәрбиелеу. Осы орайда «Құқық негіздері» пәнінің маңызы зор. Бұл пән оқушылардың құқықтық білім негіздерін игеруін қамтамасыз етеді, олардың сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытады, құқықтық сауаттылықтың қалыптасуына ықпалын тигізеді.

## 1.2 «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаттары

«Құқық негіздері» пәнінің мақсаты – оқушыларға құқық жөнінде кешенді білім беру арқылы құқықтық тұрғыдан сауатты азаматты тәрбиелеу және олардың бойында заңды құрметтеу дәстүрі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Сонымен қатар аталған пән оқушылардың өз құқықтарын жүзеге асыруға, міндеттерін орындауға, құқықтық санасын дамытуға ықпалын тигізеді.

Оқушылар келесі дағдыларды игереді:

- сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту;
- іздену және зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- тиісті дәлелдемелер келтіре отырып, шешім қабылдау;
- меңгерген құқықтық білімдерін өмірде қолдану жолдарын көрсету;
- құқықтық деректерді талдау арқылы өз ой-пікірін білдіру, пікірталастарға қатысу;

қатысу;

- проблемалық жағдаяттарға сүйене отырып, құқықтың мәні мен мазмұнын ашу;
- нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеу.

Бұл дағдылар оқушылардың бойында құқықтық сауаттылықты және құқықтық мәдениетті дамытуға мүмкіндік береді.

«Құқық негіздері» пәнін оқу арқылы оқушыларда келесідей білім мен түсінік қалыптасады:

- құқықтық мемлекет;
- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары;
- азаматтық құқықтық қатынастар;
- еңбек құқығының түсінігі және еңбек қатынастары;
- отбасындағы құқықтар мен міндеттер;
- әкімшілік құқықтық қатынастар;
- қылмыстық құқық түсінігі мен қағидалары.

## 1.3 «Құқық негіздері» пәні бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер:

### Негізгі мектепті аяқтағанда оқушылар:

- құқық пен мораль ұғымдарын, конституциялық құқық жүйесін, құқық салаларындағы (азаматтық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық) құқық бұзушылықтар және ол үшін жауапкершілік, азаматтардың құқықтарын қорғау, оны жүзеге асырудың қажеттілігі мен мүмкіндігі, демократия, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет, заңдылық және құқық тәртібі, қазақстандық құқық саласының базалық мазмұны мен негізгі ұғымдарын құқық дереккөздерінен **біледі**.
- қазақстандық құқықтың негізгі салалары, нақты құқықтық қарым-қатынастардың қатысушысы ретінде азаматтың міндеттері мен жауапкершілігін; әлеуметтік өмірдің негізгі салаларындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу, тұлғаның құқығын құрметтеу қажеттілігін **түсінеді**.
- алған білімдерін күнделікті өмірде және практикалық әрекетінде құқықтық ақпаратты, құқықпен реттелген, күнделікті өмірде заңға сәйкес іс-қимыл мен мінез-құлық тәртібін таңдау, құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру тәсілдерін айқындау, бұзылған құқықтарды қорғау кезінде, тиісті органдар мен ұйымдарға білікті заң көмегіне жүгіну, өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелер бойынша пікірталастарға қатысу кезінде **қолданады**.

- қоғамдағы құқықтық қатынастарды реттейтін нормаларды, құқықтық қатынастар субъектілерінің негізгі құқықтары мен міндеттерін, қоғамдағы құқықтық қатынастарға байланысты, күрделі емес практикалық жағдаяттарды, жасөспірімдердің заң алдындағы жауапкершілігін және құқықтық ережелерінің ерекшеліктерін, түрлі деректерден алынған құқықтық сипаттағы ақпараттарды **талдайды.**
- қоғамдағы мемлекеттік-құқықтық институттардың қызметі, олардың дамуына өз үлесін қосу мүмкіндігін, қоғам өміріндегі оң және келеңсіз құбылыстарды, құқық қорғау мен заңдылық мәнін, нақты мәселелерді шешуде саналы белсенділік таныту қабілетін көрсету, адамгершілік нормаларына сәйкес белгіленген міндеттерді сындарлы шешу үшін өзінің ұжымда және топта ынтымақтасу қабілетін **бағалайды.**
- түрлі құқықтық мәселелерді зерттейді, шешімін болжайды; тұжырымдарды, бағалаулар мен пікірлерді негіздейді, дәлелдер ұсынады; зерттеу сұрақтарын құрастырады, оларға жауап бере алады; кең көлемді тақырыптарға сәйкес зерттеу жұмыстарын жоспарлайды және жүзеге асырады; оқу зерттеулерінің нәтижелерін аудитория алдында таныстырады; оқу ақпаратын шығармашылық нысанда ұсынады, кез-келген құқықтық мәселелерді шешуде өзіндік моделін **құрады.**

#### 1.4 Қалыптасатын негізгі құзыреттіліктер

NIS-Programme білім беру бағдарламасы оқытудың негізі болып табылатын құндылықтар, білім, сауаттылық түрлері мен дағдылар тізімін қамтитын негізгі құзыреттіліктер шеңберін анықтайды. Барлық негізгі құзыреттіліктер маңызды болып табылады. Олардың әрқайсысы қоғамдағы табысты өмірге ықпал етеді. Құзыреттіліктер әртүрлі контексте және әртүрлі комбинацияларда қолданылады. «Құқық негіздері» пәні арқылы қалыптаспайтын негізгі құзыреттіліктер басқа пәндерді оқыту арқылы қалыптасуы мүмкін.

NIS-Programme білім берудің маңыздылығын анықтайтын құндылықтарды белгілейді. Олардың мәні өздерін жүзеге асыра алатын, өмір сүру сапасын және қоршаған ортаны жақсарта алатын тұлға қалыптастыруда жетекші фактор болып табылады. Құндылықтарды үйрену арқылы білім алушылар рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін қалыптастыратын болады. Негізгі мектеп деңгейінде 9-сыныпта «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде оқушыларда келесі басымдыққа ие құндылықтар қалыптасады:

- **Құрмет** – ең алдымен заңды сыйлау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, құндылықтарын құрметтеу; олардың пікірлеріне, құқықтары мен бостандықтарына төзімділікпен қарау;

*ОМ мысалы:* оқушылар құқықтық мемлекеттің белгілерін салыстырмалы талдау арқылы түсіндіреді, ҚР Конституциясы бойынша адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын халықаралық құқық нормаларымен салыстыра отырып талдау жасайды;

- **Отансүйгіштік және жауапкершілік** – бұл өз елінің заңдары мен нормативтік актілеріне, құқық қорғау органдарына деген құрмет және ол үшін қызмет етуге дайын болумен байланысты құндылықтар. Отансүйгіштік өз елінің мүдделері мен әл – ауқатын қорғауға дайын болудан, ал жауапкершілік – өз міндеттерінің бір бөлігін көтеруге және өз елінің болашағына қамқорлық жасауға дайын болудан көрінеді. Бұл құндылықтар азаматтық санаға және қоғамға белсенді қатысуға ықпал етуі мүмкін;



*ОМ мысалы:* Азаматтық қоғам институттарының рөлі мен маңызы туралы жоба ұсынады, ҚР Конституциясындағы баптарды қолданып, мемлекеттік органдардың қызметі мен құзіреттілігін салыстырады, Қазақстан қоғамындағы жеке азаматтың міндеттері мен жауапкершілігін заң аясындағы айырмашылығын ажырата отырып талдау жасайды;

• **Адалдық** – шындықты айтуға және моральдық қағидалар мен нормаларға сәйкес әрекет етуге ұмтылу; оқу және еңбек қызметін адал орындау, жобалар мен зерттеулер жүргізу кезінде академиялық этика мен адалдық қағидаттарын сақтау, зияткерлік меншікті құрметтеу, академиялық жұмыстарда ақпарат көздерін міндетті түрде көрсету; академиялық процесте алаяқтықтың, плагиаттың және этикалық, құқықтық нормаларды бұзудың, қызмет ету барысында өзге адамдардың ар-намысы мен абыройына тіл тигізуге, өз лауазымдық жағдайын асыра пайдалануға, басқа да нысандардың болмауы;

*ОМ мысалы:* Азаматтық құқықтың қоғамдағы орны мен рөлін ақпараттық ресурстарды қолдану арқылы талдайды, ҚР Еңбек кодексінің баптарын қолданып, еңбек жағдайларын талдайды, Әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін және оларды жауапкершілікке тарту тәртібін құқықтық жағдаяттар арқылы талдайды, Сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді талдап, мысал келтіреді;

• **Ашықтық** – адамдардың және басқа этностардың әртүрлі көзқарастарын, пікірлерін, аргументтері мен фактілерін түсінуге және қабылдауға дайын болу, өзгеруге және жаңа жағдайларға бейімделуге, сондай-ақ қабылданған заңдарға, нормативтік актілерге сәйкес іс-әрекетке дайын болу; ашық адамдар басқа адамдарға, олардың мәдени құндылықтарына төзімді, ізденімпаз және құрметпен қарайды, өмірлік тәжірибе алады;

*ОМ мысалы:* Меншік құқығына ие болудың және оның тоқтатылу жолдарын құқықтық жағдаяттар арқылы талдайды, Жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы түсіндіреді, Еңбек шартының мазмұнын құқықтық жағдаяттарды талдай отырып, ашады, Құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы қылмыстық жауапкершілік пен жаза түрлерін анықтайды;

• **Еңбекқорлық және шығармашылық** (өзінің және өзге адамдардың еңбегіне құрметпен қарау және өзін шығармашылық жүзеге асыруға ұмтылу; кәсіби қызметін адал атқару, табандылық, мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарас және оларға жетудің жаңа жолдарын іздеу; жеке және кәсіби даму үшін маңызды қасиеттерге ие болу);

*ОМ мысалы:* ҚР Еңбек құқығының қағидаттарын шынайы жағдаяттар мысалында талдап түсіндіреді, ҚР Еңбек кодексінің баптарын қолданып, еңбек жағдайларын талдайды, Жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы түсіндіреді, Кәсіпкерлікке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды құқықтық жағдаяттар арқылы талдайды, Құқықтық нормативтік актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсынады, Еңбек шартының мазмұнын құқықтық жағдаяттарды талдай отырып, ашады;

• **Отбасы құндылықтары мен дәстүрлері** – отбасында қалыптасқан тәрбие, құндылықтар, салт-дәстүрлер ұрпақтан-ұрпаққа беріледі; отбасында қалыптасқан қарым-қатынас өмір салтын қалыптастыруға негіз болады және қоршаған әлеммен қарым-қатынасқа әсер етеді; құрмет, сенім, жауапкершілік, қамқорлық, өзара түсіністік және т.б. қасиеттер негізі отбасында қалыптасады; отбасында қабылданған белгілі бір әлеуметтік, діни немесе мәдени нормалар мен стандарттар, әсіресе маңызды тұлғалық даму, дүниетанымды қалыптастыру, тұлғааралық және отбасылық қатынастарды нығайтуда үйлесімділікте көрініс табады;

*ОМ мысалы:* Неке және отбасы ұғымын, функциялары мен рөлдерін мысалдар ұсыну арқылы көрсетеді, Некені қию және тоқтату шарттарын құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтайды, Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін ажыратады, Нормативтік-құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдайды, Отбасының қоғамдағы маңыздылығына мысалдар ұсыну арқылы баға береді;

• **Денсаулық және әл-ауқат** – адамның физикалық және психологиялық әл-ауқаты үшін маңызды; адамның физикалық және психологиялық денсаулығына қамқорлық жасаумен байланысты; салауатты өмір салтын, дұрыс тамақтануды, тұрақты физикалық белсенділікті, эмоцияларды басқаруды, стресті басқаруды, басқа адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатына қамқорлық жасауды да қамтитын толық және бақытты өмір сүруге ықпал ететін негізгі құндылықтар болып табылады;

*ОМ мысалы:* ҚР Конституциясы бойынша адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын халықаралық құқық нормаларымен салыстыра отырып талдайды, Қазақстан қоғамындағы жеке азаматтың міндеттері мен жауапкершілігін заң аясындағы айырмашылығын ажырата отырып талдайды, Кәметке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды құқықтық жағдаяттар арқылы талдайды;

• **Жаһандық азаматтық** – жаһандық қоғамдастыққа саналы түрде қатысу, халықаралық бірлік, бейбітшілікті күшейту, адамдардың бостандығы мен құқықтарын қамтамасыз ету, экологиялық дағдарыс және т.б. сияқты әлемдік мәселелерге жауапкершілікпен қарау; өзін әлемдік қоғамдастықтың бір бөлігі ретінде түсіну және әртүрлі елдер мен аймақтардағы адамдардың өмірін жақсартуға ұмтылу; мәдениеттегі, тілдегі және әдет-ғұрыптағы айырмашылықтарды құрметтеу, ынтымақтастық тұжырымдамасын ұстану;

*ОМ мысалы:* Сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді талдау және мысал келтіреді, Халықаралық тәжірибені талдай отырып, қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға береді.

NIS-Programme шеңберінде білім теориялық тұжырымдамалар мен идеяларды, сондай-ақ белгілі бір тапсырмаларды орындау тәжірибесіне негізделген практикалық түсініктерді қамтиды. NIS-Programme білімнің төрт түрін ерекшелейді:

- Пәндік
- Пәнаралық
- Эпистемологиялық
- Процедуралық

NIS-Programme білім беру бағдарламасында өзекті сауаттылық түрлері білім берудің оқу мақсатында көрініс табады. «Құқық негіздері» пәнін оқыту процесінде деректермен жұмыс жасау, функционалдық сауаттылық, кәсіпкерлік сауаттылық, цифрлық сауаттылық, құқықтық сауаттылық түрлерімен жұмыс жасау арқылы оқушылардың талдау, пайымдау және тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға ықпал етеді. «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде оқушыларда келесі басымдық бойынша сауаттылық түрлері қалыптастырылатын болады:

- Құқықтық сауаттылық
- Деректермен жұмыс істеу сауаттылығы
- Функционалдық сауаттылық
- Экологиялық сауаттылық
- Цифрлық сауаттылық
- Кәсіпкерлік сауаттылық
- Қаржылық сауаттылық
- Тұрақты даму сауаттылығы

- Медиа және ақпараттық сауаттылық
- Денсаулық сақтау сауаттылығы
- Физикалық сауаттылық

NIS-Programme білім беру бағдарламасында белгіленген құндылықтар, Білім және сауаттылық түрлері оқушылардың күнделікті іс-әрекетінің өзегіне айналады және олардың «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасын меңгеру шеңберінде мынадай басым дағдыларды көрсету қабілеттерінен көрінуге тиіс:

**- танымдық және метатанымдық дағдылар:**

- Сыни ойлау;
- Зерттеу дағдылары;
- Мәселелерді шешу және шешім қабылдау;
- Креативті ойлау;
- Өзін-өзі реттеу;
- Жүйелі ойлау;
- Үйренуді үйрену;
- Есептік ойлау.

**- әлеуметтік және эмоциялық дағдылар:**

- ынтымақтастық;
- коммуникация;
- әлеуметтік жауапкершілік;
- көшбасшылық;
- эмоциялық тұрақтылық;
- білуге құштарлық;
- эмпатия;
- өзіндік сана;
- табандылық пен төзімділік;
- бейімділік пен икемділік.

**- практикалық және физикалық дағдылар:**

- АКТ дағдылары;
- Алғашқы көмек көрсету;
- Тиімді тұтыну

Зияткерлік мектептердегі білім берудің мақсаты негізгі құзыреттіліктерге ие, жоғары білімді, шығармашыл тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру болып табылады. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен дағдыны іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігін айтады.

Білім беру бағдарламасындағы құндылықтар, білім, сауаттылық түрлері және дағды жиынтығындағы негізгі құзыреттіліктер келесідей:

- Таным
- Өзін-өзі реттеу
- Цифрлық
- Қолданбалы
- «Эко-Мен»
- Қарекетшілдік
- Әлеуметтік өзара әрекеттесу
- Түрлендіру
- Жаһандық

Бұл негізгі құзыреттіліктер Зияткерлік мектеп оқушыларына жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарды тиімді үйлестіруге, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылық пен бәсекеге қабілеттілікті көрсетуге мүмкіндік береді.

### **1.5 «Құқық негіздері» пәнінің басқа пәндермен интеграциясы**

Оқу бағдарламасы мазмұнында оқушылар қоғамда қолданылатын құндылықтар мен моральдық нормаларға сүйене отырып, саналы таңдау жасауда барлық пәндермен интеграцияға түседі. Бұл пәнді оқу оқушылардың адамгершілік және жауапты тұлғалар мен қоғам мүшелері ретінде әрекет етуге дайындығын қалыптастырады. «Тарих» және «Биология» пәндеріндегі алған білімдері оқытудың барлық кезеңдеріндегі оқу мазмұнын біріктіреді, оқушыларға құрдастарының, отбасының, қоғамдастықтың және қоғамның әлеуметтік өмірін басқаруға көмектеседі, сонымен қатар олардың әлеуметтік жағынан жетілген және заңды тұлға болуына көмектеседі.

«Құқық негіздері» пәні шеңберінде оқушылар әлеуметтік сауаттылықты: қоғамда толыққанды жұмыс істеу және жауапты шешімдер қабылдау үшін қажетті білім, дағдылар, құндылықтар мен көзқарастарды меңгереді. Осы кезеңде мамандыққа баулу немесе эмоциялық ұстамдылыққа да үйренеді.

**Тіл және әдебиет, шет тілдері.** Пән аясында анық, әрі орынды ауызша және жазбаша пікір білдіру дағдысын, әртүрлі мәтіндерді оқу және түсіну қабілетін дамытады. Оқушылар дұрыс грамматиканы сақтай отырып, тиісті тілдік құралдарды, пәндік-спецификалық лексиканы және мәнерлі сөйлеуді қолдануды үйренеді. Оқу процесінде мәтіндерді сыни талдау, медиа сауаттылық, ақпаратты алу және сыни бағалау, жобаларды пішімдеу мен зияткерлік меншікті қорғау дағдыларына ерекше назар аударылады. Оқушыларға өз және басқа мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды байқауға және құрметтеуге үйретіледі. Әр түрлі қарым-қатынас орталары мен әлеуметтік әртүрлілік ережелеріне назар аударылады. Шет тілінен шыққан ұғымдар түсіндіріледі, сонымен қатар қосымша материалды іздеу және түсіну арқылы шет тілін меңгеру дағдылары дамиды.

**Математика.** Келесі дағдылар дамиды: ресурстарды (уақыт пен ақшаны) жоспарлау, математикалық сауаттылық, сандық деректерді (графиктер, кестелер мен диаграммалар, инфографикалар) ұсыну және оқу; проблемаларды қою, шешімнің қолайлы стратегияларын табу және оларды жүзеге асыру, шешім идеяларын талдау және нәтижелердің дұрыстығын тексеру дағдылары; логикалық пайымдау, түсіндіру және тексеру дағдылары және математикалық тәсілді бағалай білу және оның әлеуметтік, мәдени және жеке маңыздылығын түсіну.

**Жаратылыстану ғылымдары.** Табиғи орта мен географиялық жағдайдың адамзат қоғамының дамуына әсерін түсіну; экономикалық ресурстар; қоғамның тұрақтылығы; тұрақты тұтыну, жаһандану, хабарлау және жаһандық мәселелерді, соның ішінде экологиялық мәселелерді түсіну; тұрақты және жауапты өмір салтын бағалау.

**Информатика.** Қарастырылып отырған тақырыптар жаңа технологияларды енгізуге байланысты мүмкіндіктер мен қауіптерді бағалау, оқу, жұмыс және коммуникациялық ортаны құруда заманауи технологияларды тиімді және этикалық түрде қолдану, сондай-ақ қауіпсіздік пен зияткерлік меншік талаптарын сақтай отырып, техникалық құралдарды мақсатты және ұтымды пайдалану қабілетін дамытуға көмектеседі.

**Дене тәрбиесі.** Білім әртүрлі кезеңдердегі салауатты өмір салтының бөлігі ретінде физикалық белсенділіктің маңыздылығын түсіну және бағалау, сондай-ақ салауатты өмір салтына сәйкес басқа адамдарға төзімділік пен ынтымақтастық принциптерін дамыту қабілетін арттырады.

## 1.6 Пәнаралық тақырыптарды / концепттерді жүзеге асыру

Мамандыққа бейімделу. Пән аясында болашақ жұмысқа орналасу кезінде қажет болатын көзқарастарды қалыптастыруға көмектеседі.

**Тарих. Экономика.** Зерттеу қоғамдағы өзгерістердің себептері мен салдарын, сондай-ақ олардың оқушылардың болашаққа қатысты таңдауы мен шешімдеріне әсерін түсінуге көмектеседі. Әр түрлі білім беру іс-шаралары оқушыларға еңбек нарығының жалпы жағдайы мен болашағы, еңбек заңнамасы, әртүрлі кәсіптер мен мамандықтарға байланысты әртүрлі кәсіптер туралы түсінік береді.

**Биология.** Оқушылар қоршаған орта мен адамның даму мәселелерін олардың тұрақтылығын ескере отырып шешуді іздейтін әлеуметтік белсенді, жауапты және экологиялық саналы тұлғаларға айналуға қолдау алады. Оқушыларға өзін қауіпсіз ұстауға, салауатты ортаны құруға және сақтауға қабілетті психикалық, эмоционалды және физикалық тұрғыдан сау қоғам мүшелері болуға қолдау көрсетіледі.

**Информатика.** Оқушыларға қоршаған ақпараттық ортаны қабылдайтын және түсінетін, оны сыни тұрғыдан талдай алатын және өз мақсаттары мен қоғамда қабылданған коммуникациялық этикаға сәйкес әрекет ете алатын ақпараттандырылған тұлғалар болуға қолдау көрсетіледі. Заманауи технологияларды мақсатты түрде қолдана алатын және өмірдің, оқудың және жұмыстың тез өзгеретін ортасында сәтті жұмыс істей алатын бәсекеге қабілетті адамдар болуға қолдау алады.

## 1.7 Білім беру ортасына және «Құқық негіздері» пәнін оқу мен оқыту процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

Оқу бағдарламасына сәйкес әр сыныпқа арналған сағат саны:

Сынып	Апталық жүктеме	Жылдық жүктеме
9	1 сағат	36 сағат

Сыныптағы жиһаздардың орналасуы оқушыларды топтарға бөлуге мүмкіндік беруі тиіс. Бұл жеке, дифференциалды әдіс-тәсілдерді қолдануға және жекелеген оқушылармен жұмыс істеуге қажетті жағдайлар жасайды.

«Құқық негіздері» пәнінің кабинетіне қажетті ресурстар мен құрал-жабдықтар: сөрелер, стендтер және басқа ресурстар;

интернет жүйесі, проекторлық экран және дыбыстық динамика;

- бейне, аудио материалдар;

- баспа құралдары (кітаптар, энциклопедиялар, анықтамалықтар, заң жинақтары);

- тақырыптық тірек сызбалар, кестелер, слайд-альбомдар.

Құқықтық зерттеуді қолдау үшін сыныптан тыс уақытта қолданылатын ресурстар:

- желілік файлдар мен интернет («Құқық негіздері» пәні бойынша негізгі Web беттер каталогының мекен-жайы).

## 2 БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

### 2.1 «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны, ұйымдастырылуы және бөлімдерінің реттілігі

Пәндік білім мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер өз ішінде білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыруды көздейтін бөлімшелерден тұрады. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен оқушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

№	Бөлім	Бөлімше
1	<b>Құқық және мемлекет</b>	Құқық түсінігі
		Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам
2	<b>Конституциялық құқық</b>	Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары
		Мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі
3	<b>Азаматтық құқық</b>	Азаматтық құқық түсінігі
		Меншік құқығы
		Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік
		Тұтынушылар құқығын қорғау
4	<b>Еңбек құқығы</b>	Еңбек құқығы түсінігі
		Еңбек жағдайлары
		Еңбекті қорғау
		Еңбек шарты
5	<b>Отбасы құқығы</b>	Отбасы құқығы түсінігі
		Некені қию және тоқтату жолдары
		Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері
		Отбасының қоғамдағы маңыздылығы
6	<b>Әкімшілік құқық</b>	Әкімшілік құқық түсінігі
		Әкімшілік жауапкершілік
		Әкімшілік құқықбұзушылықтың алдын алу
7	<b>Қылмыстық құқық</b>	Қылмыстық құқық түсінігі
		Қылмыс ұғымы
		Қылмыстық жауапкершілік
		Жазалау және гуманизм мәселесі

## 2.2 Оқу мақсаттарының жүйесі

Бағдарламада оқу мақсаттарын оңтайлы пайдалану үшін кодтау енгізілді. Кодта бірінші сан – сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқу мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 9.2.1.2 кодировкасында: «9» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқу мақсатының реттік саны.

### 1. Құқық және мемлекет

#### Оқушылар ...

Бөлімше (дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік бола алады)	9-сынып
9.1.1 Құқық түсінігі	9.1.1.1 Әлеуметтік нормалардың қоғамдағы рөліне мысалдар ұсыну арқылы ажырату
9.1.2 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	9.1.2.1 Құқықтық мемлекеттің белгілерін салыстырмалы талдау арқылы түсіндіру
	9.1.2.2 Азаматтық қоғам институттарының рөлі мен маңызы туралы жоба ұсыну

### 2. Конституциялық құқық

#### Оқушылар...

Бөлімше (дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік бола алады)	9-сынып
9.2.1 Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары	9.2.1.1 Конституциялық құрылыс негіздеріне зерттеу сұрағы арқылы талдау
	9.2.1.2 ҚР Конституциясы бойынша адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын халықаралық құқық нормаларымен салыстыра отырып талдау
9.2.2 Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылысы	9.2.2.1 ҚР Конституциясындағы баптарды қолданып, мемлекеттік органдардың қызметі мен құзіреттілігін салыстыру
	9.2.2.2 Мемлекеттік органдардың құрамының жаңартылуындағы аралас сайлаудың маңызы мен рөлін топтық іс-әрекеттер арқылы талдау

### 3. Азаматтық құқық

#### Оқушылар...

Бөлімше (дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік бола алады)	9-сынып
9.3.1 Азаматтық құқық түсінігі	9.3.1.1 Азаматтық құқықтың қоғамдағы орны мен рөлін ақпараттық ресурстарды қолдану арқылы талдау
	9.3.2.2 Меншік құқығына ие болудың және оның тоқтатылу жолдарын құқықтық жағдаяттар арқылы талдау
9.3.3 Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік	9.3.3.1 Қазақстан қоғамындағы жеке азаматтың міндеттері мен жауапкершілігін заң аясындағы айырмашылығын ажырата отырып талдау
9.3.4 Тұтушылар құқығын қорғау	9.3.4.1 Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсынатын шығармашылық өнім жасау

#### 4. Еңбек құқығы

##### *Оқушылар...*

Бөлімше (дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік бола алады)	9-сынып
9.4.1 Еңбек құқығы түсінігі	9.4.1.1 ҚР Еңбек құқығының қағидаттарын шынайы жағдаяттар мысалында талдап түсіндіру
9.4.2 Еңбек жағдайлары	9.4.2.1 ҚР Еңбек кодексінің баптарын қолданып, еңбек жағдайларын талдау
	9.4.2.2 Жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы түсіндіру
9.4.3 Еңбекті қорғау	9.4.3.1 Кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды құқықтық жағдаяттар арқылы талдау
	9.4.3.2 Құқықтық нормативтік актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну
9.4.4 Еңбек шарты	9.4.4.1 Еңбек шартының мазмұнын құқықтық жағдаяттарды талдай отырып, ашу



## 5. Отбасы құқығы

### Оқушылар...

Бөлімше (дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік бола алады)	9-сынып
9.5.1 Неке және отбасы құқығы түсінігі	9.5.1.1 Неке және отбасы ұғымын, функциялары мен рөлдерін мысалдар ұсыну арқылы көрсету
9.5.2 Некені қию және тоқтату жолдары	9.5.2.1 Некені қию және тоқтату шарттарын құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау
9.5.3. Отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері	9.5.3.1 Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін ажырату
	9.5.3.2 Нормативтік-құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау
9.5.4 Отбасының қоғамдағы маңыздылығы	9.5.4.1 Отбасының қоғамдағы маңыздылығына мысалдар ұсыну арқылы баға беру

## 6. Әкімшілік құқық

### Оқушылар...

Бөлімше (дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік бола алады)	9-сынып
9.6.1 Әкімшілік құқық түсінігі	9.6.1.1 ҚР әкімшілік құқығының ұғымын заңнама аясында мысалдар келтіре отырып талдау
9.6.2 Әкімшілік жауапкершілік	9.6.2.1 Әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін және оларды жауапкершілікке тарту тәртібін құқықтық жағдаяттар арқылы талдау
9.6.3 Әкімшілік құқық бұзушылықты алдын алу	9.6.3.1 Әкімшілік құқықтық нормалардың маңызын нормативтік құжаттарды қолдану арқылы көрсету және қорытынды жасау

## 7. Қылмыстық құқық

### Оқушылар...

Бөлімше (дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік бола алады)	9-сынып
---	---------

9.7.1 Қылмыстық құқық түсінігі	9.7.1.1 Қылмыстық құқық ұғымының басқа құқық салаларынан айырмашылығы мен ұқсастығын салыстыру
9.7.2 Қылмыс ұғымы	9.7.2.1 Қылмыстың құрамын, түрлерін, санаттарын мысалдар ұсыну арқылы ажырату
9.7.3 Қылмыстық жауапкершілік	9.7.3.1 Құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы қылмыстық жауапкершілік пен жаза түрлерін анықтау
	9.7.3.2 Сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді талдау және мысал келтіру
9.7.4 Жазалау және гуманизм мәселесі	9.7.4.1 Халықаралық тәжірибені талдай отырып, қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру

## 2.3 Ұзақ мерзімді жоспар

### 9 сынып

Тақырып <i>Мазмұны</i>	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
<p><b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</b>      <b>Бөлім:</b> Құқық және мемлекет <b>Бөлімше:</b> Құқық түсінігі</p>					
<p><b>1 тоқсан</b></p>					
<p>Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді?</p> <p>Құқық түсінігі және оның белгілері. Құқықтың басқа әлеуметтік нормалардан айырмашылығы: мораль, дәстүрлер.</p>	<p>9.1.1.1 Әлеуметтік нормалардың қоғамдағы рөліне мысалдар ұсыну арқылы ажырату</p>	<p><b>Білу және түсіну:</b> әлеуметтік нормалар жүйесінде құқықтың ұғымы мен рөлін түсіндіру.</p> <p><b>Қолдану:</b> құқық, мораль ұғымдарын болжау және цифрлық ресурстардан алынған анықтамамен салыстыру.</p> <p><b>Талдау:</b> мораль мен құқыққа байланысты ситуациялық жағдайларды салыстырмалы талдау: отбасында; мектепте; көшеде.</p> <p><b>Бағалау:</b> заң мен моральдегі әділдікті тұжырымдау /пікір-талас/.</p> <p><b>Шығармашылық жұмыс:</b> АКТ дағдыларын пайдаланып,</p>	<p><i>Түсіндіру</i></p> <p><i>Салыстыру</i></p> <p><i>Құқықтық талдау мен түсіндіру</i></p> <p><i>Аргументтеу</i></p>	<p><b>Метапәндік дағдылар:</b> <i>Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары</i></p> <p><i>Креативті ойлау дағдылары</i></p> <p><i>Жүйелік ойлау АКТ</i></p> <p><b>Сауаттылық түрлері:</b> <i>Құқықтық сауаттылық</i></p> <p><i>Цифрлық сауаттылық</i></p>	<p><b>Теория:</b> түрлі ресурстар арқылы құқық пен мораль туралы ақпаратты меңгер; құқық, мораль ұғымдарын анықта.</p> <p><b>Практика:</b> заңға бағынушылық пен адамгершілікке бағынушылықтың маңыздылығына қатысты пікірді дәлелде; құқық пен мораль оқиғасы туралы шығармашылық жұмыс жаса.</p>

Тақырып <i>Мазмұны</i>	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
		өзінің цифрлық парақшасында терминдер кестесін құрастыру.		<b>Құндылықтар:</b> <i>Құрмет</i>	
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</b>	<b>Бөлім:</b> Конституциялық құқық <b>Бөлімше:</b> Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары				
Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың қандай құқықтары мен міндеттері бар?  Адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары, міндеттері.	9.2.1.2 ҚР Конституциясы бойынша адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын халықаралық құқық нормаларымен салыстыра отырып талдау	<b>Жіктеу:</b> Конституцияның 2-бөліміндегі адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен міндеттерін салалар бойынша жіктеу.  <b>Салыстыру:</b> Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (немесе басқа халықаралық құжаттармен салыстыру) мен ҚР Конституциясындағы адам мен азамат құқықтары бөліміне салыстырмалы талдау.  •Адам құқықтарының жалпы Декларациясы (1948 ж.) •Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарды қорғау жөніндегі Еуропа конвенциясы (1950 ж.)	<i>Нормативті құжаттармен жұмыс</i> <i>Сәйкестендіру</i> <i>Аргументтеу</i> <i>Салыстыру</i>	<b>Метапәндік дағдылар:</b> <i>Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары</i> <i>Креативті ойлау</i> <i>Зерттеу дағдылары</i>  <b>Сауаттылық түрлері:</b> <i>Құқықтық сауаттылық</i>  <i>Цифрлық сауаттылық</i>  <i>Медиа және ақпараттық сауаттылық</i>	<b>Теория:</b> Адам мен азамат құқықтары ұғымдарын анықта.  <b>Тәжірибе:</b> Конституцияның 2-бөліміндегі адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен міндеттерін салалар бойынша жікте;  Халықаралық адам құқықтары туралы құжаттардағы адамның негізгі құқықтары біздің Конституцияда қалай көрініс бергенін анықта. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001</a>  Адам мен азамат құқықтарын халықаралық тәжірибелермен (басқа елдердегі адам мен азамат құқықтары) салыстырмалы талдау.

Тақырып Мазмұны	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
		<ul style="list-style-type: none"> <li>Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (1966 ж.)</li> <li>Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт (1966 ж.)</li> </ul> <p><b>Шығармашылық жұмыс:</b> «Мен – азаматпын».</p>		<p><b>Құндылықтар:</b></p> <p>Жаһандық азаматтық</p>	
<p>Неліктен Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялайды?</p> <p>Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің түсінігі мен белгілері.</p> <p>Қазақстан Республикасының конституциялық</p>	<p>9.2.1.1 Конституциялық құрылыс негіздеріне зерттеу сұрағы арқылы талдау</p>	<p><b>Сәйкестендіру:</b> «Демократиялық», «зайырлы», «құқықтық» және «әлеуметтік мемлекет» ұғымдарының мазмұнын сәйкестендіру.</p> <p><b>Дәлелдеу:</b> Конституцияның 1-бөлімінің 1-бабына сүйене отырып, ҚР демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екеніне дәлелдер келтіру.</p> <p><b>Салыстыру:</b> ҚР-ның конституциялық құрылыс негіздерінің ерекшеліктерін өзге мемлекеттермен салыстыру.</p>	<p><i>Нормативті құжаттармен жұмыс</i> <i>Салыстыру</i> <i>Талдау</i> <i>Аргументтеу</i> <i>Сәйкестендіру</i></p>	<p><b>Метапәндік дағдылар:</b> <i>Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары</i> <i>Креативті ойлау</i> <i>Зерттеу дағдылары</i> <i>АКТ дағдылары</i></p> <p><b>Сауаттылық түрлері:</b></p> <p><i>Құқықтық сауаттылық</i></p> <p><i>Цифрлық сауаттылық</i></p>	<p><b>Теория:</b> Нормативтік құқықтық актілерге сүйене отырып, конституциялық құрылыс негіздерін меңгереді.</p> <p><b>Тәжірибе:</b> Өз ой пікірін білдіру үшін дәлелдер мен дәйектер қолданып, ҚР мемлекет ретінде өзіндік баға береді.</p> <p><b>Ресурс:</b> Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <a href="http://adilet.zan.kz">http://adilet.zan.kz</a> Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. <a href="http://www.akorda.kz/">http://www.akorda.kz/</a> ҚР Конституциясы</p>

Тақырып <i>Мазмұны</i>	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
құрылыс негіздері.				<p><i>Медиа және ақпараттық сауаттылық</i></p> <p><b>Құндылықтар:</b></p> <p>Құрмет</p> <p>Отансүйгіштік және жауапкершілік</p>	
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</b>	<b>Бөлім:</b> Азаматтық құқық <b>Бөлімше:</b> Азаматтық құқық түсінігі				
Азаматтық құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді? «Азаматтық құқық», «азаматтық құқық қағидаттары», «мүліктік қатынастар»,	9.3.1.1 Азаматтық құқықтың қоғамдағы орны мен рөлін ақпараттық ресурстарды қолдану арқылы талдау	<p><b>Сәйкестендіру:</b></p> <p>«Азаматтық құқық», «Азаматтық құқық қағидаттары», «Мүліктік қатынастар», «Жеке мүліктік емес қатынастар», «Жеке және заңды тұлғалар» ұғымдарын анықтамасына қарай сәйкестендір.</p> <p><b>Салыстыру:</b></p>	<i>Нормативті құжаттармен жұмыс Жіктеу Аргументтеу</i>	<p><b>Метапәндік дағдылар:</b></p> <p><i>Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары</i></p> <p><i>Мәселені шешу дағдылары</i></p>	<p><b>Теория:</b></p> <p>«Азаматтық құқық» ұғымы мен қағидаттарын, «мүліктік қатынастар» мен «жеке мүліктік емес қатынастар» ұғымдарын меңгер.</p> <p><b>Тәжірибе:</b></p> <p>«Азаматтық құқық» ұғымы мен қағидаттарын, мүліктік қатынастар мен жеке мүліктік емес қатынастар ұғымдарын талда;</p>

Тақырып <i>Мазмұны</i>	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
«жеке мүліктік емес қатынастар», «жеке және заңды тұлғалар», «азаматтық құқық субъектілері».		<p>берілген азаматтық құқықтың субъектілеріне жататын «жеке тұлғалар» мен «заңды тұлғалардың» айырмашығын салыстыру.</p> <p><b>Берілген тапсырмаға сұрақтар құрастыру:</b> ақпараттық ресурстарды қолдану арқылы азаматтық құқықтың қоғамдық қатынасқа түсудегі рөліне қатысты сұрақ құрастыру және оны талқылау.</p> <p><b>Құқықтық жағдаяттарды талдау (кейстер):</b> азаматтық құқықтың қоғамдық қатынастардағы рөліне қатысты проблемалық жағдаятты (кейсті) шешу.</p>		<p><b>Сауаттылық түрлері:</b> <i>Функционалды сауаттылық</i></p> <p><i>Цифрлық</i></p> <p><i>Құқықтық сауаттылық</i></p> <p><b>Құндылықтар:</b></p> <p>Адалдық</p>	<p>Азаматтық құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықта;</p> <p>Азаматтық құқықтағы белгілі тараптардың (жеке және заңды тұлға) теңдігі негізіндегі мүліктік қатынастарындағы ерекшеліктерін салыстыр;</p> <p>Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен құқықтар, құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік ұғымдарын талда;</p> <p>Азаматтық құқық қағидаттарының қоғамдағы рөлін талда.</p> <p><b>Ресурстар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000</a></li> </ul>
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</b>	<b>Бөлім:</b> Еңбек құқығы <b>Бөлімше:</b> Еңбек құқығы түсінігі				
ҚР Конституциясының 24-шы	9.4.1.1 ҚР Еңбек құқығының қағидаттарын	<b>Білу және түсіну:</b> Нормативтік құжаттардан «еңбек», «еңбек кодексі», «еңбек құқығы»,	<i>Нормативті құжаттармен жұмыс</i>	<b>Метапәндік дағдылар:</b>	<b>Теория:</b> түрлі ресурстар арқылы еңбек құқығы туралы ақпаратты меңгер;

Тақырып Мазмұны	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
Тақырып <i>Мазмұны</i>	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
<p>тәуелсіздігі, саяси көппікірлік)</p> <p>Құқықтық мемлекет идеясының мәні – оның бірізді демократиялылығы, билік көзі ретіндегі халық егемендігін бекіту, мемлекеттің қоғамға бағынуы.</p>		<p>құқықтық мемлекетке тән белгілері мен қағидаттарының маңыздылығын мысалдар арқылы көрсету.</p> <p><b>Қорытынды шығару:</b> қоғам дамуында құқықтық мемлекеттің қалыптасуының маңыздылығы туралы қорытынды жасау.</p> <p>Құқықтық мемлекет идеясын талдау арқылы өз ұсынысын білдіру.</p>		<p><i>Креативті ойлау дағдылары</i></p> <p><i>АКТ</i></p> <p><b>Сауаттылық түрлері:</b></p> <p><i>Цифрлық сауаттылық</i></p> <p><b>Құндылықтар:</b></p> <p><i>Құрмет</i></p> <p><i>Отансүйгіштік және жауапкершілік</i></p>	<p>Құқықтық мемлекеттің негізгі принциптерін ажырату.</p> <p>Әлемдік қауымдастық таныған халықаралық құжаттарды топтастыру.</p> <p>Құқықтық мемлекетке байланысты тұжырымдарды сыни талдау.</p> <p><b>Ресурстар:</b> Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <a href="http://adilet.zan.kz">http://adilet.zan.kz</a> Қазақстан Республикасы</p>
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</b>	<p><b>Бөлім:</b> Құқық және мемлекет <b>Бөлімше:</b> Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам</p>				
Азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызы неде?	9.1.2.2 Азаматтық қоғам институттарының ролі мен маңызы	<b>Сәйкестендіру:</b> «азаматтық қоғам», «саяси партия», «кәсіподақ», «БАҚ», «қоғамдық бірлестіктер» т.б.	<i>Нормативті құжаттармен жұмыс</i>  <i>Сәйкестендіру</i>	<b>Метапәндік дағдылар:</b> <i>Сыни тұрғыдан</i>	<b>Теория:</b> азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің белгілерін ажыратады.  <b>Тәжірибе:</b>

Тақырып <i>Мазмұны</i>	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
<p>Құқықтық мемлекеттің қызметіндегі азаматтық қоғам институттарының маңызы.</p> <p>Мемлекеттік құрылымдардан қазіргі азаматтық қоғамның айырмашылығы.</p> <p>Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің байланысы.</p>	<p>туралы жоба ұсыну</p>	<p>ұғымдарының мазмұнын сәйкестендіру.</p> <p>Азаматтық қоғам институттарын топтастыра отырып, мақсат-мүдделерін, даму бағыттарын, рөлін көрсету.</p> <p><b>Салыстыру:</b> азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің ұқсастықтарын салыстыру.</p> <p><b>Бағалау:</b> азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызын бағалау.</p> <p>Азаматтық қоғам институттарының рөлі мен маңызын жаһандық көзқарас негізінде баға беру.</p> <p>Азаматтық қоғамның қатысуымен биліктің барлық тармақтарын осы басты құндылықтарға деген құрметпен қарауға бағдарлайтын адам құқықтары тұжырымдамасының мәні.</p>	<p><i>Салыстыру</i></p> <p><i>Аргументтеу</i></p> <p><i>Талдау</i></p> <p><i>Баға беру</i></p>	<p><i>ойлау дағдылары</i></p> <p><i>Зерттеу дағдылары</i></p> <p><b>Сауаттылық түрлері:</b> <i>Құқықтық сауаттылық</i></p> <p><i>Медиа және ақпараттық сауаттылық</i></p> <p><b>Құндылықтар:</b> <i>Құрмет</i></p> <p><i>Отансүйгіштік және жауапкершілік</i></p>	<p>«Азаматтық қоғамды қалыптастыру жолында қандай іс-әрекеттер жасау керек?» тақырыбына нақты қадамдар мен шешімдер келтіру.</p> <p>«Азаматтық қоғам» жасөспірім көзімен.</p> <p><b>Ресурс:</b> Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <a href="http://adilet.zan.kz">http://adilet.zan.kz</a></p> <p>ҚР Азаматтық кодексі</p>

Тақырып <i>Мазмұны</i>	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
		<p>Азаматтық қоғам институттары мен билік құрылымдары арасындағы сындарлы диалогты дамыту бойынша жұмыс жалғасуда.</p> <p>Адам құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету азаматтық қоғамның іргетасы болып табылады, ал дамыған азаматтық қоғам, өз кезегінде, адам құқықтарын қамтамасыз етудің сенімді кепілі.</p>			
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</b>	<b>Бөлім:</b> Азаматтық құқық. <b>Бөлімше:</b> Тұтынушылар құқығын қорғау.				
<p>Біз тұтынушы ретінде өз құқығымызды білеміз бе?</p> <p>Тұтынушылар құқығын қорғау қағидаттары.</p> <p>Тұтынушылар құқығын қорғау заңы.</p>	<p>9.3.4.1 Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсынатын шығармашылық өнім жасау</p>	<p><b>Білу және түсіну:</b> «тұтынушы», «тұтынушы құқығы», «мәміле», «тұтынушылар құқығын қорғау» ұғымдарының мазмұнын анықтау.</p> <p>Нормативтік құжаттардан тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың негізгі қағидаттарымен танысу /2-1-бап/.</p>	<p><i>Нормативті құжаттармен жұмыс</i></p> <p>Құқықтық талдау мен түсіндіру</p> <p><i>Аргументтеу</i></p>	<p><b>Метапәндік дағдылар:</b> <i>Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары</i> <i>Креативті ойлау дағдылары</i> <b>Сауаттылық түрлері:</b> <i>Құқықтық сауаттылық</i></p>	<p><b>Теория:</b> түрлі ресурстар арқылы тұтынушының құқығы туралы ақпаратты меңгер;  тұтынушы, тұтынушы құқығы, мәміле, тұтынушылар құқығын қорғау ұғымдарын анықта.</p> <p><b>Тәжірибе:</b> ҚР тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңынан тұтынушының құқығы туралы жадынама жаса;</p>

Тақырып <i>Мазмұны</i>	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
<p>Тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері.</p> <p>Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдары.</p>		<p><b>Қолдану:</b> тұтынушы мен сатушының құқықтарын мен міндеттерін топтастыру.</p> <p><b>Талдау:</b> тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну (жоспар, кесте, схема, заң жобасы, сурет).</p>		<p><i>Цифрлық сауаттылық</i></p> <p><b>Құндылықтар:</b> Еңбекқорлық және шығармашылық</p>	<p>тұтынушы мен сатушының құқықтарын салыстыр.</p> <p><b>Ресурстар:</b> Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000274">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000274</a> –</p>
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</b>	<b>Бөлім:</b> Еңбек құқығы <b>Бөлімше:</b> Еңбек шарты.				
<p>Еңбек шарты қандай құқықтар мен міндеттерді туындатады?</p> <p>Жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы еңбек шарты.</p> <p>Еңбек шартының мерзімдері.</p> <p>Еңбек шартын жасауға жол берілетін жас мөлшері.</p>	<p>9.4.4.1 Еңбек шартының мазмұнын құқықтық жағдаяттарды талдай отырып, ашу</p>	<p><b>Білу және түсіну:</b> еңбек шартын жасауға жол берілетін жас мөлшерін саралау.</p> <p><b>Қолдану:</b> еңбек шартындағы тармақтарын талдау.</p> <p><b>Талдау:</b> еңбек шартын өзге мемлекеттердің ерекшеліктерімен салыстыру.</p> <p><b>Бағалау:</b> еңбек шартының басқа шарттардан айырмашылығын дәлелдеу.</p>	<p><i>Нормативті құжаттармен жұмыс</i></p> <p>Құқықтық талдау мен түсіндіру</p> <p><i>Аргументтеу/</i></p>	<p><b>Метапәндік дағдылар:</b> <i>Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары</i></p> <p><i>Зерттеу дағдылары</i></p> <p><i>Креативті ойлау дағдылары</i></p> <p><b>Сауаттылық түрлері:</b></p>	<p><b>Теория:</b> түрлі ресурстар арқылы еңбек шарты туралы ақпаратты меңгер.</p> <p><b>Тәжірибе:</b> еңбек шартын жасау, өзгерту және толықтыру тәртіптерін талда;  еңбек шартын құрастыр;  еңбек шартына байланысты кейстерді талда.</p> <p><b>Ресурстар:</b> ҚР Еңбек Кодексі 4-тарау. Еңбек шарты <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414</a></p>



Тақырып <i>Мазмұны</i>	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
		<b>Шығармашылық жұмыс:</b> еңбек шарты үлгісін құрастыру.		<i>Функционалды сауаттылық</i> <i>Құқықтық сауаттылық</i>  <b>Құндылықтар:</b> Адалдық	
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</b>	<b>Бөлім:</b> Отбасы құқығы <b>Бөлімше:</b> Отбасының қоғамдағы маңыздылығы.				
Отбасының әлеуметтік мәні неде?  Отбасының әлеуметтік қауымдастық ретіндегі қызметі (функциялары).  Отбасылық қатынастарды мемлекеттік қорғау және қолдау.	9.5.4.1 Отбасының қоғамдағы маңыздылығына мысалдар ұсыну арқылы баға беру	<b>Талдау:</b> ресурстарға шолу жасап, отбасының негізгі функцияларына (репродуктивті, тәрбиелілік, шаруашылық-экономикалық, эмоциялық және рухани коммуникация) талдау жасау.  <b>Зерттеу:</b> әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді талдап, қазіргі отбасын зерттеу.  Қазіргі отбасы: некеге тұру жасы, отбасы құрудағы ерекшеліктері.	<i>Аргументтеу</i>  <i>Талдау</i>  <i>Цифрлық ресурстарды пайдалану</i>	<b>Метапәндік дағдылар:</b> <i>Зерттеу дағдылары</i>  <i>Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары</i>  <i>Креативті ойлау дағдылары</i> <i>АКТ дағдылары</i>  <b>Сауаттылық түрлері:</b>	<b>Теория:</b> мемлекеттің отбасылық қатынастарды қорғауды іске асыру шараларын анықтау.  <b>Тәжірибе:</b> отбасының әлеуметтік қауымдастық ретіндегі қызметін түсіндір;  Бүгінгі қоғамның дамуындағы отбасының алатын орны мен рөліне баға бер.

Тақырып <i>Мазмұны</i>	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
		<p>Қазіргі отбасындағы құндылықтар.</p> <p>Қазіргі отбасының мәселелері.</p> <p>Қазіргі отбасыға мемлекеттік қолдау.</p> <p><b>Шығармашылық жұмыс:</b> отбасының әлеуметтік қауымдастық ретінде қоғамның дамуындағы рөлі.</p>		<p><i>Құқықтық сауаттылық</i></p> <p><b>Құндылықтар:</b></p> <p><i>Құрмет Отбасы құндылықтары мен дәстүрлері</i></p>	
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</b>	<b>Бөлім:</b> Әкімшілік құқық <b>Бөлімше:</b> Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу				
<p>Әкімшілік құқықтық нормалардың қажеттілігі мен маңызы неде?</p> <p>Әкімшілік-құқықтық нормалардың негізгі міндеттері: 1) Мемлекет басқару</p>	<p>9.6.3.1 Әкімшілік құқықтық нормалардың маңызын нормативтік құжаттарды қолдану арқылы көрсету және қорытынды жасау</p>	<p><b>Сәйкестендіру:</b> әкімшілік-құқықтық нормалар және оның элементтері ұғымының мазмұнын сәйкестендіру.</p> <p>Әкімшілік-құқықтық нормалардың негізгі міндеттерін айқындау.</p> <p><b>Жіктеу:</b></p>	<p><i>Нормативті құжаттармен жұмыс</i></p> <p><i>Сәйкестендіру</i></p> <p><i>Жіктеу</i></p> <p><i>Құқықтық жағдаяттарды талдау</i></p>	<p><b>Метапәндік дағдылар:</b></p> <p><i>Сыни ойлау дағдылары</i></p> <p><i>Зерттеу дағдылары</i></p> <p><i>Креативті ойлау дағдылары</i></p>	<p><b>Теория:</b> әкімшілік құқықтық нормалардың қажеттілігін түсіну.</p> <p><b>Тәжірибе:</b> кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын-алу үшін ұсыныстар әзірлеу.</p> <p><b>Ресурс:</b></p>

<b>Тақырып</b> <i>Мазмұны</i>	<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Ұсынылатын тапсырма түрлері</b>	<b>Пән аясында қалыптасатын дағдылар</b>	<b>Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар</b>	<b>Дербестендірілген оқыту</b>
<p>жүйелерінің әртүрлі құрамдас бөліктерін ретке келтіру.</p> <p>2) Басқарушы мен басқарылатын жүйелердің арасындағы тиімді арақатынасты нығайту.</p> <p>3) Әртүрлі басқару салаларындағы байланыстарды, мемлекеттік органдардың кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен, азаматтармен арақатынастарын белгілеу.</p> <p>Әкімшілік құқықтық нормалар элементтері:</p> <p>1) гипотеза;</p> <p>2) диспозиция;</p>		<p>әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алудың міндеттерін жіктеу.</p> <p>Әкімшілік құқық бұзушылықты болдырмау үшін ұсыныстар әзірлеу.</p> <p><b>Құқықтық жағдаяттарды талдау(кейстер):</b>  әкімшілік құқықтық нормаға сәйкес жағдаяттарды талдау.</p>		<p><b>Сауаттылық түрлері:</b>  <i>Құқықтық сауаттылық</i></p> <p><b>Құндылықтар:</b>  <i>Құрмет</i></p> <p><i>Адалдық</i></p>	<p>Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі  <a href="http://adilet.zan.kz">http://adilet.zan.kz</a></p> <p>ҚР Әкімшілік кодексі</p>

Тақырып <i>Мазмұны</i>	Оқу мақсаты	Ұсынылатын тапсырма түрлері	Пән аясында қалыптасатын дағдылар	Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар	Дербестендірілген оқыту
3) санкция.					
<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі</b>	<b>Бөлім:</b> Қылмыстық құқық <b>Бөлімше:</b> Жазалау мен гуманизм мәселесі				
<p>Қылмыстық құқықта гуманизм қағидасы қажет пе?</p> <p>Қылмыстық құқықтағы гуманизм (ізгілік) қағидасы.</p> <p>Жазалау мен гуманизм мәселесі.</p> <p>Рақымшылық.</p> <p>Кешірім жасау.</p> <p>Жазаны жеңілдету.</p> <p>Жазаны тағайындау барысындағы</p>	<p>9.7.4.1 Халықаралық тәжірибені талдай отырып, қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру</p>	<p><b>Зерттеу:</b> әлемдік тәжірибені талдап, қылмыстық құқықтағы гуманизм мәселесін зерттеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- гуманизм ұғымын анықтау;</li> <li>- қылмыстық жазаны жеңілдету мен рақымшылық, кешірім жасаудың әлеуметтік мәні;</li> <li>- өлім жазасынан бас тарту мәселесі;</li> <li>- қылмыстық жазаны жеңілдету мен рақымшылық, кешірім жасаудың әлеуметтік мәні;</li> <li>- өлім жазасынан бас тарту мәселесі;</li> </ul> <p>өлім жазасынан бас тартудың әлеуметтік салдары.</p>	<p>Талдау</p> <p>Аргументтеу</p> <p>Цифрлық ресурстармен жұмыс</p>	<p><b>Метапәндік дағдылар:</b> <i>Зерттеу дағдылары</i></p> <p><i>Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары</i></p> <p><i>Креативті ойлау дағдылары</i></p> <p><i>АКТ</i></p> <p><b>Сауаттылық түрлері:</b></p> <p><i>Медиа және ақпараттық сауаттылық</i></p> <p><i>Цифрлық сауаттылық</i></p>	<p><b>Теория:</b> қылмыстық құқықтағы гуманизм ұғымын анықта.</p> <p><b>Тәжірибе:</b> гуманизм ұғымын түрлі перспективадан талда.</p> <p>Жазалау мен гуманизм мәселесінің өзара байланысын көрсет.</p> <p>Гуманизмнің көріністерін талда.</p> <p>Қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидатын зертте.</p>

<b>Тақырып</b> <i>Мазмұны</i>	<b>Оқу мақсаты</b>	<b>Ұсынылатын тапсырма түрлері</b>	<b>Пән аясында қалыптасатын дағдылар</b>	<b>Метапәндік дағдылар, сауаттылық түрлері және құндылықтар</b>	<b>Дербестендірілген оқыту</b>
<p>гуманизм принципі.</p> <p>Өлім жазасына мораторий.</p>				<p><i>Құқықтық сауаттылық</i></p> <p><b>Құндылықтар:</b></p> <p>Жаһандық азаматтық</p> <p>Адалдық</p>	

### 3 ПЕДАГОГИКА (ОҚУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ)

#### 3.1 «Құқық негіздері» пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық тәсілдемелер

Назарбаев Зияткерлік мектептері «қалай білім алу керектігін білетін», дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастырып, дамытуда оқытудың түрлі стратегияларын қолданады.

Атап айтқанда:

- оқушылардың жеке пікірін тыңдай білу, олардың осыған дейін алған білімдері мен қалыптасқан түсініктерін одан әрі дамыту үшін оларды қолданудың маңыздылығын құптау;
- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыру және дамыта оқыту;
- проблемаларды шешу әдіс-тәсілдерін оқушыларға түсінікті жолмен құру және көрсету;
- оқушылардың білім алуына «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау көрсету;
- оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне және зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуға бейімдеу;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- оқушылардың жеке, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер:

- кейс стади, оқушылардың проблемаларды анықтауда өз ойларын, пікірлерін айту, дәлелдеу, гипотеза ұсыну, зерттеуді одан әрі жоспарлау қабілеттерін дамытатын ынталандырушы-проблемалық, ситуациялық жағдай туғызу;
- мұғалім мен оқушы және оқушылардың өз арасында сенім қалыптастыру;
- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;
- белгілі бір тақырып бойынша «ой-талқы», «фишбоун», «автор орындығы» және т.б. әдістерін ұйымдастыру (проблемаларды табу, әр оқушының идеясын ұсыну, бүкіл сыныппен талқылау, оны талдау және шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдау);
- сабақта оқушылардың белсенділігін қажет ететін құқықтық проблемаларды талқылау;
- оқушыларды оқыту үдерісіне баулу үшін оқушылардың жетістік белгілерін, яғни бірін-бірі, өзін-өзі бағалауын қолдану;
- проблемалық сұрақтарды зерттеу мақсатында жеке, топтық жұмысты ұйымдастыру;
- оқушыда топтық жұмыс дағдыларын дамытатын бірлескен жұмысты ұйымдастыру.

#### *Топтық жұмыс формасы*

Оқушылардың оқу тапсырмасын орындау барысында оқу-танымдық белсенділігін арттыру мақсатында сабақта топтық жұмыс түрі ұйымдастырылады. Оқыту мақсатына қарай сараланған әдіс бойынша оқушылар топтарға (4-6 адам) топтастырылады. Топтардағы тәрбиелік қарым-қатынас барысында оқушылардың әрқайсысының танымдық шекарасы кеңейіп, жағымды эмоциялық орта қалыптасады.

Жаңа материалды оқып-үйрену кезінде топтық жұмысты жиынтық әңгіме негізінде құрастырған дұрыс («Джигсо», «Карусель» т.б. әдістері). Оқу материалдарын түсінуді

тереңдету үшін топтағы тақылау зерттеушілік әңгіме мен сыни тұрғыдан ойлау әдістеріне негізделеді. Оқу материалын бекіту және қорытындылау кезеңінде пікірталас, рөлдік ойындар, рефлексия және т.б. қолдануға болады. Сабакпен қатар пәннің тарауын/тақырыбын тереңдетіп оқыту үшін топта жобалық жұмыстар арқылы сыныптан тыс жұмыстар жүзеге асырылады.

Топтық жұмыс мұқият дайындықты қажет етеді:

- тапсырманы бірлесіп орындау және рөлдерді бөлу бойынша нұсқаулар;
  - жұмыстың соңғы нәтижесінің форматы (мысалы: постер, презентация және т.б.) және демонстрациялық сценарий;
  - тапсырма бойынша әзірленген критерийлер негізінде сынып оқушыларын талқылауға қосу сценарийі (өзін-өзі бағалау, өзара бағалау);
  - тапсырманы орындау уақыты;
- форматты қорытындылау (кері байланыс).

### *Жұптық жұмыс түрі*

Жұптық жұмыс түрі оқушылардың өзара оқу үдерісіне жоғары деңгейде қатысуын қамтамасыз етеді, оқу тапсырмаларын орындау барысында сөйлеу белсенділігін, белсенді тыңдау дағдыларын дамытуға және тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған. Оқыту үдерісінде динамикалық жұп пен ауысымдық жұптар ұйымдастырылуы мүмкін, мұнда әрбір оқушы бір-бірімен кезекпен тыңдаушы немесе оқытушы рөлінде жұмыс істейді.

Сабактың барлық кезеңдерінде оқу материалын терең түсіну үшін зерттеушілік әңгіме және сыни тұрғыдан ойлау әдістеріне негізделген жұптық жұмысты құрастыру керек.

Жұптық жұмыс түрін ұйымдастыру кезінде ұсынылады:

- тапсырманы орындау бойынша нұсқауларды ойластыру;
- тапсырманың нақты уақыт шегін белгілеу;
- жұптық жұмысты бастау және аяқтау алдында сигнал беру қарастырылады, мысалы, қоңырауды, дыбыстық таймерді немесе **визуалды қол күту** уақытын пайдалану;
- нұсқаулардың оқушыларға қолжетімді және түсінікті екеніне көз жеткізу керек. Мысалы, оқушылардың жұпта не істеу керектігін түсінгеніне немесе ерікті оқушымен бірге не істеу керектігіне көз жеткізу үшін оқушылардан нұсқауды қайталауын сұрау керек;
- оқу үдерісінің жұмыс барысындағы шу фонында жұптарға жайлы диалог ұйымдастыру;
- мұғалім сыныпты аралап, уақытында скаффолдингтік көмек көрсетуі керек.
- жұптық жұмысты қорытындылау (кері байланыс).

### *Жеке жұмыс формасы*

Жұмыстың жеке түрі сараланған тәсілге негізделген және оқушының дамуының жеке білім беру траекториясын құруға ықпал етеді. Топтық және жұптық жұмыс түрлерімен қатар оқушылардың жеке оқу әрекеті ішкі оқу мотивациясын дамытуға бағытталған. Жеке жұмыс түрін оқыту платформаларына негізделген белсенді-бейімдеу әдісімен біріктірген жөн.

Оқу материалын тереңдету және жоғары деңгейдегі ақыл-ой дағдыларын қалыптастыру кезеңдерінде оқушының жеке және оқу-танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыстың жеке түрін құрастыру керек.

Жеке жұмыс түрін ұйымдастыру кезінде ұсынылады:

- әрбір оқушының танымдық белсенділігін дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескеру;

- белсенді-бейімделген оқыту әдісін қолдану;
- тапсырманың нақты уақыт шегін белгілеу;
- нұсқаулардың оқушыларға қол жетімді және түсінікті екеніне көз жеткізу керек, ол үшін оқушылардан нұсқауларды қайталау сұралады;
- мұғалім сыныпты аралап, уақытында скаффолдингтік көмек көрсетуі керек.
- жұптық жұмысты қорытындылау (кері байланыс).

### 3.2 Оқушылардың зерттеу және жобалау әрекеттерін жүзеге асыру

«Құқық негіздері» сабақтарында оқу үдерісін табысты ұйымдастыру жолдарының бірі – жоба әдісі. Бұл әдіс оқушылардың қандай да бір мәселені өздігінен зерделеп, зерттеу нәтижесін көпшілікке таныстырып жариялаудан тұратын оқу-танымдық іс-әрекеттерінің жиынтығын қамтиды. Жоба жұмысы барысында оқушылардың ақпараттық, қарым-қатынас құзіреттіліктері, күрделі мәселелерді шешу жолындағы ізденушілік дағдылар және өз іс-әрекетіне рефлексия жасай білу қабілеттері дами түседі. Жоба әдісін қолдану сабақта мұғалім қызметінің де өзгеруіне ықпал етеді: мұғалім дайын білімді ұсынушыдан өз оқушыларының ізденушілік, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы танымдық әрекеттерін ұйымдастырушыға айналады. Сабақ барысында немесе сабақтан тыс жүзеге асырылатын жоба жұмысын орындау барысында оқушылардың зерттеу дағдылары жетіліп, ішкі уәжі арта түседі. Оқушылар білімді өздігінен ізденіп, оларды талдап, дамыту арқылы қорытынды жасап, жаңа нәтиже алуды және оны жариялауды жүзеге асырады. Жоба әдісі оқушылардың өз бетінше ізденуіне бағытталған; жоба жұмысын оқушылар белгіленген уақыт аралығында жеке, жұппен немесе топпен орындауы мүмкін, сондықтан ол бірлескен оқу тәсілімен толық үндестік табады.

Пәнді оқытуда жоба әдісін қолдану оқушылардың ғылыми танымдық белсенділігін күшейтіп, пәнаралық байланыс орнату арқылы пәнді оқытудың табыстылығын арттырады.

Жоба жұмысының тақырыптарын анықтауда мұғалім мен оқушылардың біліктілігі және шығармашылығы көрініс табады.

Жоба жұмысының түрлері: *зерттеушілік жоба, ақпараттық жоба, шығармашылық жоба, рөлдік ойын жобасы*, т.с.с.

Ұзақтығына байланысты қысқа мерзімді *шағын* (бір сабақ, бір немесе бірнеше апта көлемінде), *орта мерзімді* (бір немесе бірнеше ай көлемінде), *ұзақ мерзімді* жоба (жыл бойы) болуы мүмкін.

Жоба әдісін қолдануға қатысты негізгі талаптар:

- әртүрлі пәндік салалар бойынша кіріктірілген білімдерді және зерттеушілік ізденісті қажет ететін проблемалық мәселенің болуы;
- күтілетін нәтиженің тәжірибелік және танымдық маңызды болуы;
- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, зерделеу әрекеттерінің жүйелі болуы;
- жоба жұмысының мазмұндық құрылымының анық болуы;
- зерттеу әдістерінің қолданылуы.

«Құқық негіздері» пәні бойынша жоба жұмыстарын орындау оқушылардың құқықтық мәселелерді, құбылыстар мен үдерістерді және қоғамдағы тұлғалардың қызметін сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыруға, нормативті құжаттардың негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамытуға, ситуациялық жағдайларға зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқушылар жоба жұмыстарын орындау барысында зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, өз болжамдарын ұсыну, нәтижелер



менқорытындылар шығару, өзінің ұстанымын белгілеу, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және сауатты жеткізе білу сияқты зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастырады және дамытады.

### **3.3 Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту**

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі NIS-Programme бағдарламасы мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге қажетті дағдыларды дамыту үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құру керек. Коммуникацияның түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын осындай ортада оқушылар өз пікірін еркін білдіре алады.

Білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың түрлі құралдарды қолдану арқылы сыныптастарымен, мұғалімдермен және көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсуі және «Құқық негіздері» пәнінің ғылыми тілін сауатты пайдалануы ынталандырылады.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту үдерісінде оқушыларда тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- белгілі бір тақырып бойынша пікірталасқа қатысу, осы тақырыпқа байланысты проблемаларды табу, өз пікірін жеткізу, өзгелердің пікірін тыңдау, сондай-ақ сұрақтар қою және жауап беру;

- сыныпта белгілі бір құқықтық ситуацияларға қатысты рөлдік ойындарға қатысу, өзгелердің сұрақтары мен пікірлерін тыңдап, кейіпкерлердің образына еніп, сомдай білуі.

- «Құқық негіздері» пәнін оқыту үдерісінде оқушыларда оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- құқықтық дерекпен жұмыс. Мысалы, белгілі бір тақырыптар бойынша ақпарат жинақтау;

- құқық бойынша сұрақтарға жауап іздеуде құқықтық-нормативтік актілермен, заң түсіндірмелерімен жұмыс жасау;

- интернет ресурстары мен мерзімді басылымдарды (газет-журналдар) қарастыру. Мысалы, нақты осы сәтте оқытылмайтын, бірақ оқушыны қызықтыратын сұрақтарға жауап беру.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту үдерісінде оқушыларда жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- жұмыс жоспарын жазу. Мысалы, белгілі бір тақырыпқа презентация жасау;

- белгілі бір құқықтық тақырыптарға баяндама, эссе жазу;

- жоба, зерттеу жұмыстарын жазу. Мысалы, «Азаматтық құқықтағы жауапкершілік» тақырыбы бойынша зерттеу жүргізу.

### **3.4 Үштілде білім беру саясатын жүзеге асыру**

Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының бойында тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту және халықаралық деңгейдегі жоғарғы оқу орындарына түсуге қолдау көрсету мақсатында лингвистикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді. Осы мақсатқа жету үшін Зияткерлік мектептер үш тілде білім беру саясатын жүзеге асырады. Зияткерлік мектептер қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйретеді және осы үш тілді басқа пәндерді оқыту үшін қолданады.

Үштұғырлы тіл саясатына сәйкес «Құқық негіздері» пәні 9-сыныпта қазақ тілінде оқытылады.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде үш тілде білім беру саясаты тілдерді оқытудың әдіс-тәсілдерін, тілдік және өзге пән мұғалімдерінің рөлін белгілейді.

«Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасында үштұғырлы тіл саясаты келесі бөлімдерде көрсетілген:

Мұғалімдердің пән бойынша тілдік білімдер мен дағдыларды дамыту жолдары «Құқық негіздері» пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер» бөлімінде айқындалған.

Мұғалімдердің пән арқылы оқушылар бойында тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын жоғары деңгейде қалай дамытуы тиіс екендігі «Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» бөлімінде сипатталған.

«Құқық негіздері» пәні бойынша оқу нәтижелерін бағалау жолдары» бөлімінде бағалау тілі белгіленген.

### 3.5 Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану

**Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану** құзыреттілігі оқушылардың оқу үдерісінде, бос уақыттарында және қарым-қатынас барысында технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдалануын қамтиды. Бұл АКТ-ны пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады.

Оқушылар Кіріктірілген білім беру бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты **табу, құрастыру** және **басқару**, мәліметтер және идеялармен **бөлісу, бірлесіп әрекет ету**, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын **бағалау** және жетілдіре отырып АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады.

Бұл «Құқық негіздері» пәні оқу бағдарламасында төмендегідей көрініс табады:

- оқушылардың бойында ақпаратты іздеу, сұрыптау және фактілер мен құбылыстар арасындағы байланыстар мен айырмашылықтарды анықтау, салыстыруға байланысты өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамыту;

- оқушылардың білімдерін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды пайдалану;

- белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдау үшін интерактивті тақталарды пайдалану;

- оқушыларды өзіндік бақылау дағдыларын дамытатын электронды ресурстар арқылы оқыту;

- оқушылардың пікірталас өткізу және құқықтық мәселелерді талқылауына оң ықпал ету үшін компьютерлік қарым-қатынас құралдарын (мысалы, конференция) пайдалану;

- белгілі бір тақырып бойынша бейне сюжетті пайдалану немесе арнайы қысқа сюжетті трейллер, репортаж дайындау;

- ақпарат іздеуде арнайы сайттардан алынған материалдарға сілтеме көрсету.

### 3.6 Мәдениет пен көзқарастардың алуандылығын құрметтеуді үйрету

Түрлі мәдениеттер мен көзқарастарға құрмет сезімі жеке тұлғалық, тұлғааралық және мәдениетаралық құзыреттіліктердің ажырамас бөлігі болып табылады.

Оқушыларға тиісті мінез-құлық ережелерін үйрету олардың жылдан-жылға көпмәдениетті болып келе жатқан қоғамның әлеуметтік және кәсіби өміріне белсенді әрі тиімді қатысуына мүмкіндік береді.

«Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасында мыналар қамтылған:

- тұлғааралық қарым-қатынасты дамытуға және бағалауға мүмкіндік беретін жұптық және топтық жұмыстарды қолдану;
- жеке тұлғаның пікірін ескеру және әрбір ойдың құндылығын құрметтеу;
- талқылауға келесідей тақырыптар ұсыну: заңның жоғарылығы, заң алдында азаматтардың теңдігі, жаһандану кезеңінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселелері, қазіргі таңдағы мәселелерді ұғынудағы құқықтың алатын орны, гуманизм – мәдениеттің жалпы адамзаттық негізі, толеранттылық – ұлтаралық келісімнің негізі.

### **3.7 Экология және тұрақты даму саласындағы сауаттылықты қалыптастыру**


Экологиялық білім – құндылық бағдарларын, мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға және экологиялық сауатты қызметте іске асырылатын қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану бойынша арнайы білім алуға бағытталған оқытудың, өзін-өзі тәрбиелеудің, тәжірибе жинақтаудың және тұлғаны дамытудың үздіксіз процесі.

Бүгінгі таңда экологиялық білім өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ең қажетті аспект, өйткені ол экологиялық сауатты қызметте жүзеге асырылатын құндылық бағдарларын, мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға және қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану бойынша арнайы білім алуға бағыттайды. Жеке тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыру табиғатқа ұтымды, ұқыпты қарауға тәрбиелеудің шарты болып табылады. Білім берудің заманауи талаптарын ескере отырып, мұғалімдер «Құқық негіздері» пәнінде экологиялық білім беруді интеграциялау арқылы оқу мақсаттарын білім беру процесінің нақты жағдайларына бейімдеуі керек. Мысалы. 9.4.2.1 ҚР Еңбек кодексінің баптарын қолданып, еңбек жағдайларын талдау, 9.4.2.2 Жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы түсіндіру оқу мақсаттарымен жұмыс жасағанда еңбек құқығы саласында экологиялық тәрбиенің көрініс табуы, мәселеге қатысты құқықтық реттеудің механизмдері көрініс табады.

## 4 БАҒАЛАУ

### 4.1 Критериалды бағалау жүйесі

«Назарбаев Зияткерлік мектептерінде» оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін белгіленген бағалау критерийлері негізінде оқушылардың оқу нәтижелері туралы объективті ақпарат алуға және барлық мүдделі тараптарға кері байланыс беруге мүмкіндік беретін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі бағалаудың екі түрін: қалыптастырушы бағалауды және жиынтық бағалауды қамтиды.



Сурет. Критериалды бағалау жүйесінің құрылымы

### 4.2 Қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіледі, оқушылардың оқу үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, мұғалім мен оқушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді, кері байланыстың негізінде оқу үдерісін дер кезінде түзетуге және жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сабақта және үй тапсырмасы ретінде орындалатын кез келген тапсырманы қалыптастырушы бағалау үшін пайдалануға болады. Бағалау қорытындысы бойынша мұғалім оқушылардың орындаған жұмыстары мен жауаптарына жазбаша түрде (*дәптерлерде, қағаз/электронды күнделіктерде, жауап парақтарында және т.б.*) немесе ауызша (*кері байланыс*) түсініктемелер береді. Мұндай ақпарат оқушылардың оқудың қай сатысында екенін, неге талпынатынын және көзделген мақсатқа қалай жетуге болатындығын көрсетуі керек.

Мұғалім оқушылардың қажеттіліктерін, оқу әрекетінің түрлері мен формаларын ескере отырып, кері байланыс беру формасын, мазмұны мен жиілігін дербес анықтайды. Сонымен қатар дескрипторларды қолдана отырып, оқушылардың өзін-өзі бағалау және өзара бағалау дағдыларын қалыптастыру маңызды.

Қалыптастырушы бағалау нәтижесінде алынған ақпаратты оқу мен оқытуды жақсарту бойынша шешім қабылдау үшін пайдалана отырып, мұғалім оқу үдерісін түзетеді, оқушылардың біліміндегі ықтимал олқылықтары жояды.

«Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасында көзделген барлық жұмыстар қалыптастырушы бағалау үдерісінде жүргізіледі. Бағалау үшін бағалау критерийлері, тапсырмалар мен дескрипторлар құрастырылады.

### 4.3 Жиынтық бағалау

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдері/ортақ тақырыптары және белгілі бір оқу кезеңі (*тоқсан, білім деңгейі*) аяқталғаннан кейін оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін, сондай-ақ мұғалімдерге, оқушыларға және ата-аналарға оқушылардың үлгерімі туралы ақпарат беру үшін балдар мен бағалар қою арқылы өткізіледі.

«Құқық негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалау келесілерден кейін өткізіледі:

- оқу бағдарламасының әрбір бөлімі оқып-зерделегеннен кейін (бөлім бойынша жиынтық бағалау);
- тоқсан аяқталғаннан кейін (тоқсандық жиынтық бағалау);

«Құқық негіздері» пәнінен жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның критериалды бағалау бойынша нормативтік-құқықтық және әдістемелік-нұсқаулық құжаттарымен реттеледі (4.4 «Критериалды бағалау бойынша құқықтық және әдістемелік-нұсқаулық құжаттар» бөлімшесі)

Жиынтық бағалау нәтижелері оқушыларға пән бойынша тоқсандық, жылдық және қорытынды бағалар қоюдың негізі болып табылады.

БАҒАЛАУ ТҮРЛЕРІ	БАҒАЛАУ МАҚСАТЫ	БАҒАЛАУ НӘТИЖЕСІ
<b>Қалыптастырушы бағалау</b>	Сабақтарда оқушылардың үлгерімі бақыланады және олардың оқу қажеттіліктері анықталады	Оқушыға орындалған жұмыстарының сапасы туралы <b>кері байланыс</b> беріледі
<b>Бөлім бойынша жиынтық бағалау</b>	Әрбір <b>бөлім аяқталғаннан кейін</b> оқушылардың қол жеткізген білім, білік және дағды деңгейі тексеріледі	Оқушылар мен ата-аналары <b>бөлім бойынша жинаған балдары</b> туралы ақпарат алады
<b>Тоқсандық жиынтық бағалау</b>	Оқушылардың <b>тоқсан ішіндегі</b> оқу бағдарламасының <b>мазмұнын</b> меңгеру деңгейі тексеріледі	Оқушылар мен ата-аналары <b>тоқсан ішінде жинаған балдары</b> туралы ақпарат алады

#### 4.3.1 Бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау

«Құқық негіздері» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанда бір реттен артық өткізілмейді. Тоқсан бойында меңгеруге арналған бөлімдер/ортақ тақырыптар саны екі және одан да көп болған жағдайда, тақырыптардың ерекшелігі мен оқу мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі.

Тоқсандық жиынтық бағалау рәсімі пән бойынша стандартталған тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясына сәйкес ұйымдастырылады.

#### **4.4 Критериалды бағалау бойынша нормативтік-құқықтық және әдістемелік-нұсқаулық құжаттар**

Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды (бөлім бойынша, тоқсандық,) өткізу, тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қою, жиынтық бағалаудың саны мен өткізу мерзімдері «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының шешімімен бекітілген келесідей нормативтік-құқықтық құжаттармен айқындалады:

1. Критериалды бағалаудың моделі;
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережесі;
3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін Бағалау саясаты.

Критериалды бағалау жүйесін іске асырудың мақсаттары, міндеттері, принциптері, құрылымы мен механизмдері, сондай-ақ мұғалімдерге қалыптастырушы және жиынтық бағалау үдерістерін жоспарлау, ұйымдастыру бойынша ұсыныстар келесідей әдістемелік-нұсқаулық құжаттарда көрсетілген:

1. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің әдіснамасы;
2. Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;
3. Оқушыларды бағалау құралдарын құрастыру. Оқу-әдістемелік құрал;
4. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша)
5. «Құқық негіздері» пәнінен тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы (9-сынып үшін, қазақ тілінде).





Назарбаев  
Зияткерлік  
мектептері

---

[www.  
cep.nis.edu.kz](http://www.cep.nis.edu.kz)

